

На основе проведенного SWOT-анализа можно сделать вывод, что цифровые технологии могут существенно улучшить логистический сектор. Они предоставляют множество возможностей для оптимизации процессов, снижения затрат и улучшения качества услуг. Однако для реализации этих возможностей необходимо учитывать существующие угрозы. Важно продолжать инвестировать в исследования и разработки, чтобы создавать новые технологии и улучшать существующие. Также необходимо уделять внимание подготовке специалистов, которые смогут работать с новыми технологиями и применять их на практике. Кроме того, необходимо разрабатывать стратегии, которые помогут адаптироваться к изменениям в законодательстве и снизить риски. Это может включать в себя работу над повышением эффективности, снижением затрат и повышением конкурентоспособности на рынке.

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года №269 «Концепция цифровой трансформации, развития отрасли информационно-коммуникационных технологий и кибербезопасности на 2023 - 2029 годы» – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269#z470>

2. Афанасенко И. Д. Цифровая логистика / И. Д. Афанасенко, В. В. Борисова. - Санкт-Петербург : Питер, 2019. – 269 с.

3. Краснов А. Объем рынка IoT может достичь 3 триллионов долларов к 2025 году – URL: <https://iot.ru/gadzhety/obyem-rynka-iot-mozhet-dostich-3-trillionov-dollarov-k-2025-godu->

4. Национальный доклад «Рынок труда Казахстана: на пути к цифровой реальности» [ЭП] // АО «Центр развития трудовых ресурсов» – 2022. – URL: <https://iac.enbek.kz/ru/node/1451>

5. Учитель, Ю.Г. SWOT-анализ и синтез – основа формирования корпоративной стратегии. – Москва: ИЛ, 2022. – 157 с.

Сержанқызы Б., «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, инженерлік экономика және менеджмент факультеті, ЭМ-22-1, магистрант
(*Ғылыми жетекші — э.ғ.к., қауымд.проф., Шаметова А.А.*)

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІГІН ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазіргі кезде әлемнің дамыған елдерінде экономиканы дамыту бағыты мемлекет пен жеке сектордың іс-әрекетін біріктіру арқылы, басқарудың және реттеудің жаңа нысандары мен әдіс-амалдарын табуға біріктіру негізінде сипатталады.

Халықаралық тәжірибеде МЖС механизмін белсенді пайдаланған кезде бірыңғай МЖС анықтамасы және оның түрлерінің жалпы қабылданған жіктемесі жоқ, әр ел МЖС ұғымы мен оның түрлерін дербес және тәуелсіз түрде айқындайды [1].

Мысалы, Еуропа Одағы (ЕО) «Мемлекеттік жеке меншік серіктестік және ЕО мемлекеттік келісімшарттар мен концессиялар туралы заңнамасы туралы» Жасыл кітапқа (Green Paper) сәйкес МЖС-ні мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы инфрақұрылымды қаржыландыруды, салуды, оңалтуды, басқаруды немесе ұстауды, сондай-ақ қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге арналған ынтымақтастық нысаны ретінде айқындайды.

Бұдан басқа, ЕО МЖС-ні сипаттайтын мынадай негізгі элементтерді бөліп көрсетеді:

- 1) мемлекеттік және жеке сектор арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық;
- 2) мемлекет тарапынан қоса қаржыландыру мүмкіндігі;
- 3) мемлекет қызметтер көрсету сапасының өлшемдерін белгілеуі, баға саясаты мен осы параметрлердің сақталуын бақылауды айқындауы тиіс;
- 4) тәуекелдерді әріптестер арасында бөлу.

МЖС қатысты Италияның заңнамаларына сәйкес серіктестікті қолданылу саласы жобалау, салу, басқару немесе қоғамдық маңызы бар жұмыстарға немесе коммуналдық қызметтерге қызмет көрсету немесе жеке инвесторлар тарапынан толық немесе ішінара қаржыландыруды да қамтитын белгілі бір қызмет көрсету сияқты қызметтің бір немесе бірнеше түрлерін қамтитын МЖС шарттары болып табылады.

Францияның заңнамасына сәйкес МЖС шарттары әкімшілік шарттар болып табылады, оларға сәйкес мемлекеттік заңды тұлға жеке меншік ұйымға қоғамдық маңызы бар қызметтер көрсету үшін қажет құрылысты қаржыландыруды орындауды; осындай құрылыс мақсаттары үшін жобалауды немесе конверсиялауды; осындай құрылысқа қызмет көрсетуді және оны басқаруды тапсырады.

Жапонияда МЖС-нің жеке қаржыландыруды, басқарушылық қабілет пен техникалық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы мемлекеттік объектілерге қатысты шаралар қабылдау жолымен халыққа қол жетімді және сапалы қызметтерді кепілді ұсыну үшін әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді жақсарту ретіндегі түрлерінің бірі болып табылатын жеке қаржылық бастамаға анықтама беріледі.

Сондай-ақ халықаралық ұйымдардың да анықтамаларын келтіруге болады, мысалы Standard & Poor, s агенттігі МЖС-ні шеңберінде бірнеше секторлардың тәжірибесі мен сараптамасын біріктіру және қаржылық тәуекелдер мен пайданы бөлу негізінде қоғамдық міндеттерді шешу жүргізілетін қоғамдық және жеке сектор арасындағы орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді ынтымақтастық деп айқындайды.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік – құқықтар мен міндеттемелерді, тәуекелдерді, шығындар мен пайданы теңгерімді бөлу жағдайларында мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласындағы тиісті шарттарда айқындалатын нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған мемлекет пен жеке меншік субъектілерінің өзара қатынасының жүйесі.

Халықаралық тәжірибе негізінде МЖС жобаларының тиімді іске асырылуының мынадай факторларын бөліп көрсетуге болады:

-мемлекет үшін инфрақұрылым объектілерін салу емес, қызметтердің көлемі мен сапасы басым болып табылады;

-жеке сектордың инфрақұрылымды жобалау, салу, пайдалану саласындағы біліктілігі мен тәжірибесі көлемі мен сапасын мемлекет айқындайтын қызметтерді көрсету үшін пайдаланылады;

-жеке сектор шығындарын өтеу оның жұмыс сапасына байланысты.

Халықаралық практикада негізінен МЖС-нің институционалдық және келісімшарттық екі нысаны бөлінеді.

Мемлекеттік және жеке сектор арасындағы серіктестікті екі жағдайда институционалдық МЖС-ға жатқызуға болады:

Мемлекеттік және жеке секторлардың жаңа бірлескен кәсіпорнын құру.

Бұл жағдайда мемлекет пен жеке сектордың бірлескен компания құруы кезінде мемлекеттік келісімшарттар мен концессиялар туралы заң нормалары қолданылмайды, бірақ мұндай кәсіпорын шеңберіндегі қызмет МЖС нормалары мен қағидаттарына сәйкес болуы тиіс.

Әр түрлі елдерде МЖС келісімшарттарын қолдану тәжірибесі төмендегідей:

Дәстүр бойынша Ұлыбританиядағы МЖС-нің кең тараған нысаны жеке инвестицияларды мемлекеттік инфрақұрылымға ұсыну үдерісімен негізделетін жеке қаржылық бастама (Private Finance Initiative PFI) болып табылады [2].


Соңғы он жылда мемлекеттік жүйелі қолдау және МЖС бағдарламаларын жандандыруға бағытталған басқару саясатының негізінде Оңтүстік Кореядағы МЖС нарығы өсіп, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік беретін қаражат тартудың жаңа әдіс-амалы ретіндегі өз позициясын нығайтып, тұрақты және жоғары табысты қаржы нарығына айналды. Жеке сектордың мүддесі МЖС дамыту жөніндегі жалпы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде МЖС арқылы қаржыландыруды жандандыру жөніндегі мемлекеттік саясатта ескеріледі.

Сондай-ақ Оңтүстік Кореяда «салу-пайдалану-беру» және «салу-иелену-пайдалану» келісімшарттары пайдаланылады. Оңтүстік Кореяда МЖС жобалары жобаға кім бастамашылық ететіндігіне байланысты «сұралатын» және «сұралмайтын» санаттарға бөлінеді. Уәкілетті орган, басқарудың орталық немесе жергілікті органдары МЖС-нің потенциалді жобаларын анықтайды және жеке сектордан ұсыныс беру үшін өтініш дер сұратады. «Сұралмайтын» жоба жағдайында жеке сектор МЖС үшін потенциалды жобаны анықтайды және уәкілетті органнан одан әрі нұсқау сұрайды. Концессионер конкурс нәтижесі бойынша анықталады, алайда алғашқы өтініш беруші өтінішті бағалау үдерісінде қосымша ұпай алуы мүмкін.

Мемлекеттік-жекешелік серіктестіктің теориясы мен қолданылу тәжірибесі көптеген отандық және шетелдік мамандардың зерттеу нысаны болып табылады. Себебі, егер бұдан бұрын МЖС жобалары өте сирек қолданылған болса, қазіргі таңда мемлекет пен жеке меншік сектордың инфрақұрылымдық мәселелерді бірігіп шешуі қажеттілік болып табылады.

Қазіргі экономикалық әдебиеттерде мемлекеттік-жекешелік серіктестікке берілген анықтамалардың сан алуан түрлері бар. Солардың ішінде Дүниежүзілік банктің берген анықтамасына сәйкес, «МЖС - бұл қосымша инвестициялар тарту мақсатында, әсіресе бюджеттік қаржыландырудың тиімділігін арттыру құралы ретінде инфрақұрылымдық өнімдер өндіру мен қызметтер көрсету бойынша жүзеге асырылатын мемлекет пен жеке меншік арасындағы келісім».

Дүниежүзілік банктің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, төмен және орта табысты елдерде (Қазақстан – ортадан жоғары табысы бар елдерге жатады) 2000-2020 жылдар аралығында МЖС механизмі бойынша барлығы 5781 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды. Олардың ішінде энергетика саласында 2652 жоба, көлік кешені саласында 1472, байланыс саласында 843, ал сумен қамтамасыз ету және канализация саласында 814 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды (1 -сурет).




1-сурет - Әлемдегі елдерде 200-2020 жылдары МЖС механизмі бойынша жүзеге асырылған жобалар

Аталған жобаларды жүзеге асыру мақсатында 2000-2020 жылдар аралығында барлығы 2 026 257 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестициялар жұмсалды. Сала бойынша қарастырсақ: байланыс саласына 875 399 млн. АҚШ доллары, энергетика саласына 715 043 млн. АҚШ доллары, көлік кешені саласына 366 564 млн. АҚШ доллары, ал сумен қамтамасыз ету және канализация саласына 69 251 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестициялар құйылған болатын [25].

Жүзеге асырылған жобалар ішінде Латын Америкасы алдыңғы қатарды иеленіп отыр, мұнда қарастырылып отырған кезеңде 1705 жоба жүзеге асырылып, оған 769 444млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция жұмсалды. Екінші орында Шығыс Азия және Тынық мұхит елдері – 1666 жоба, инвестициялар көлемі - 358 547 млн. АҚШ доллары. Үшінші орында Европа және Орталық Азия елдері –819, инвестициялар - 312 989 млн. АҚШ доллары.

МЖС көмегімен инвестициялар тарту үшін таңдалатын басымдықты сала елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне және елде жүргізіліп жатқан мемлекет саясатына байланысты. Бүкіл әлемде негізінен көлік саласында МЖС инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылады. Еңбек өнімділігінің деңгейі, жан басына шаққандағы ЖІӨ тұтыну деңгейі, әлеуметтік қорғау және білім беру, сонымен қатар медициналық қызмет көрсетудің сапасы орташа өмір сүру ұзақтығы жоғары болған сайын МЖС денсаулық сақтау мен білім беру сияқты экономиканың салаларында жиі қолданылады (2-сурет).



2-сурет– Елдер топтарының МЖС жобалары бойынша әртүрлі салалардағы үлес салмақтары

Суреттегі елдер құрылымна тоқталып кетейік. Мұнда «Үлкен жетілік» елдеріне АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Италия, Канада, Франция, Жапония жатады. Басқа дамыған елдерге Австрия, Бельгия, Дания, Австралия, Израиль, Ирландия, Финляндия, Испания, Португалия, Греция, Оңтүстік Корея, Сингапур жатады. Өтпелі кезең елдеріне Болгария, Чехия, Венгрия, Хорватия, Польша, Румыния, Латвия, Украина жатады. Дамушы елдерге Үндістан, Бразилия, Чили, Гонконг, Мексика, Сауд Аравиясы, Біріктірілген Араб Эмираттары жатады [3].

Осы әр ел құрылымында «Үлкен жетілік» елдері мен басқа да дамыған елдерде МЖС көп бөлігі білім беру саласына тиісті екенін көруімізге болады, ал өтпелі кезең елдерінде көп жағдайда тас жолдар салуға МЖС қолданылады, ал дамушы елдерде ол басқа салаларға жіберілетінін көруімізге болады.

1. Гагарин П.А., Двинянин Е.А.. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік ауқымды жобаларды іске асыру құралы ретінде. -<http://www.gradient-alpha.ru/assets/docs/PPP-Research-14.03.2015.pdf>
2. Есембекова Д.Б. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту. -Алматы: 2020.
3. Балашов с. дамыған елдерде МЖЭ жұмыс істеу тәжірибесі // РҒА ЖЭ хабаршысы, 2019.-№4.

Тихомолова К. С., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, экономический факультет, гр. УА-42, студент
(Научный руководитель – м.э.н., ст. преподаватель Шакирова Г.А.)

РИСКИ И АСПЕКТЫ, СВЯЗАННЫЕ С АУДИТОМ ДЕБИТОРСКОЙ ЗАДОЛЖЕННОСТИ

Аудит дебиторской задолженности может сопровождаться различными рисками и аспектами, которые аудиторы должны учитывать. Вот некоторые из них:

Риск сомнительных долгов:

-Клиенты могут не выплатить долги, что может привести к необходимости создания резервов и списания долгов.